

Қазақстан Республикасының теңіздері мен ішкі су қоймаларында мұнай операцияларын жүргізудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 қаңтардағы N 105 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 24 қарашадағы
№ 1245 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.11.24 № 1245 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Мұнай туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 маусымдағы Заң күші бар N 2530 Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулы етеді: Z100291 қараңыз

1. Қазақстан Республикасының теңіздері мен ішкі су қоймаларында мұнай операцияларын жүргізудің тәртібі туралы беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетімен және Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігімен
б і р л е с і п :

Қазақстан Республикасының теңіздері мен ішкі су қоймаларында мұнай операцияларын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік тәртібін;

Қазақстан Республикасының теңіздері мен ішкі су қоймаларында мұнай операцияларын жүргізу кезіндегі қондырғылар құрылысының техникалық тәртібін дайындасын және бекітсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 27 қаңтардағы
N 105 қаулысымен

Бекітілген

**Қазақстан Республикасының теңіздері
мен ішкі су қоймаларында мұнай операцияларын
жүргізудің тәртібі туралы**

ЕРЕЖЕ

Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының теңіздері мен ішкі су қоймаларында мұнай операцияларына рұқсат алу, келісім жасау, жобалау және жүзеге асыру сатысында заңды және жеке тұлғалардың, орталық және жергілікті атқарушы органдар мен басқа да ұйымдардың қызметін регламенттейді.

2. Теңіздер мен ішкі су қоймаларындағы мұнай операциялары аймақтық геологиялық-геофизикалық зерттеулерді және барлауға қатысты жұмыстарды, мұнай, газ және конденсат өндіруді, бірыңғай технологиялық циклдегі сақтауды, мұнай, газ және конденсатты труба құбыры көлігімен теңізден құрғаққа шығаруды, сондай-ақ құрылыс жүргізу, теңіз қондырғыларын, жасанды аралдар, бөгендер және қондырғыларды салу мен құрастыру және олардың тіршілік әрекетін қамтамасыз етуді қамтиды.

3. Каспий мен Арал теңіздерінің қазақстандық бөліктері мен Қазақстан Республикасы ішкі су қоймаларында мұнай операцияларын жүргізу үшін шарт жасалынатын аймақтар қызметін атқара алатын блоктарға бөлінеді. Блоктар картасын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Шарт жасалынатын аймаққа бір-бірімен аралас немесе бөлек-бөлек бір және одан көп блоктар кіреді. Блоктар белгілі бір тереңдікпен шектелінуі мүмкін.

4. Теңіздер мен ішкі су қоймаларында мұнай операцияларын жүргізуге берілген лицензия, сонымен бірге лицензия иесі өзінің қызметін іске асыру шеңберінде акваторияны пайдалануға да құқылы болатынын білдіреді.

Теңіздер мен ішкі су қоймаларында мұнай операцияларын жүргізу құқына ие болу тәртібі

5. Теңіздер мен ішкі су қоймаларында мұнай операцияларын жүргізу мүмкіндігі жөніндегі жалпы рұқсатты Мемлекеттік экологиялық сараптама негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Президенті береді.

6. Қазақстан Республикасы Президентінің теңіздер мен ішкі су қоймаларында мұнай операцияларын жүргізу мүмкіндігі жөніндегі шешімінен кейін, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіп бойынша жер қойнауын пайдаланушыларға барлауға және/немесе көмірсутек шикізаттарын өндіруге, болған конкурстың немесе жер қойнауын пайдаланушымен тікелей келіссөздер негізінде лицензия береді.

7. Мұнай операцияларымен байланысты теңіз зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін жер қойнауын пайдалануға лицензия алу талап етілмейді. Теңіз зерттеу жұмыстарын жүргізуге рұқсатты арыз берушіге "Қазақстан Республикасы теңіздері мен ішкі су қоймаларындағы мұнай операцияларымен байланысты теңіз зерттеу жұмыстарын жүргізу тәртібіне" сәйкес құзыретті орган береді.

8. Мердігермен шарт жасалынып бөлінген аймақ көлеміндегі блоктарда теңіздер мен ішкі су қоймаларында мұнай операцияларын жүргізу үшін жер бөлу т а л а п е т і л м е й д і .

9. Лицензиялау жөніндегі жұмыс органы теңіздер мен ішкі су қоймаларында мұнай операцияларын жүргізу басталғаны жайлы кеме қатынасын реттейтін органдарды, балық және басқа өнім өндіруші кәсіпшіліктерді, экологиялық қауіпсіздік және басқа мемлекеттік органдарды хабардар етеді.

10. Теңіз және ішкі су қоймаларында мұнай операциясын жүргізуді қамтамасыз ететін жаға құрылыстарын салу үшін жер бөлу, белгіленген тәртіп бойынша, жергілікті атқарушы органдар арқылы жүргізіледі.

11. Су жағдайына әсер ететін теңіздер мен ішкі су қоймаларында мұнай операциясын жүргізуге арналған нысандарды жобалау міндетті түрде су қорғау шараларын қолдана отырып, Қазақстан Республикасының су ресурстары комитетінің келісімімен жүргізілуі тиіс.

Қазақстан Республикасының теңіздері мен ішкі су қоймаларында мұнай операцияларын жүргізудің тәртібі

12. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалануға лицензия алғаннан соң құзыретті органға міндетті түрде шартқа қоса ұсынылатын мұнай операциясын жүргізудің жұмыс бағдарламасын береді.

13. Жер қойнауын пайдаланушы белгіленген тәртіп бойынша контрактінің жұмыс бағдарламасында айтылған технологиялық регламенттерді, бір үлгідегі және жеке жоспарларды Құзыретті органдармен келіседі.

14. Теңіздер мен ішкі су қоймаларындағы мұнай операциялары Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен мұнай және газ кен орындарын пайдалану жөніндегі бірыңғай ережеге сай жүргізіледі.

15. Мұнай кен орнын пайдалануды жобалау Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі бекіткен технологиялық сызба жасау жөніндегі регламентке және мұнай мен мұнай-газ кен орындарын пайдалану жобасына сай әлемдік өнеркәсіпте қабылданған үлгілерді есепке ала отырып жүзеге асырылады .

16. Теңіздер мен ішкі су қоймаларында мұнай операцияларын жүргізген жағдайда, міндетті түрде белгіленген тәртіп бойынша мемлекеттік шекараны қорғау, қорғаныс қауіпсіздігін, кедендік және шетелге өту тәртібін, визалық тәртіптің сақталынуын қамтамасыз етуге байланысты Қазақстан Республикасының заңдары талаптарының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралармен реті қарастырылған жұмыс бағдарламасын тиісті мемлекеттік органдармен келісу міндет .

17. Жасанды аралдар және теңіз құрылыстарында бөгендер мен қондырғыларда мұнай, газ және газ конденсатын сақтауға немесе жинауға тыйым салынады.

18. Арналы құбыр иесі оның құбырының өткізу мүмкіндігі болған жағдайда басқа кез-келген жүк жөнелтушінің мұнай және газдарын тасымалдауға бастартуға құқы жоқ.

19. Мердігер жүйелі түрде, жылына бір реттен кем емес, шартқа қол қойған тиісті органның, сондай-ақ өлшеу құралдары және төтенше жағдайларды бақылау жөніндегі тиісті өкілетті органның өкілдері қатысуымен өлшеу және өндірілген көмірсутек шикізаттарын салмақтауға пайдаланылатын аспаптар мен құрал-жабдықтарды тексеру актісінде нәтижесі көрсетілетін сынақтар өткізеді.

20. Арналы құбырларды пайдаланатын көмірсутек шикізаттарын жөнелтуші жөнелтілетін шикізатты өлшеуді құбырлардың өткізу мүмкіндігі мен шикізат берудің уақытының ұзақтығына байланысты тәсілмен жүзеге асырады. Басқа жағдайларда өндірілген көмірсутек шикізатын анықтау жер қойнауын пайдалану шартымен анықталады.

21. Акваторияны, су бетін және теңіздер мен ішкі су қоймаларының түбіндегі телімдерді пайдаланғаны үшін төлемдер іздеу, барлау, көмірсутек шикізаттарын өндіру және су түбімен жер қойнауын басқа мақсатқа пайдалануды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылардан алынады.